

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы
«Ғылым тарихы және философия» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)
7М10144 «Медицина» Білім беру бағдарламасы

1.	Пән туралы жалпы мағлұмат		
1.1	Пән коды: M-GTF	1.6	Оқу жылы: 2023-2024
1.2	Пәннің атауы: Ғылым тарихы және философиясы	1.7	Курс: 1
1.3	Реквизитке дейінгі: жоқ	1.8	Семестр: 1
1.4	Реквизиттен кейінгі: Клиницисттің коммуникативтік дағдылары	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 90 (3кредит)
1.5	Цикл: БП	1.10	Компонент: ЖК
2.	Пәннің сипаттамасы:		
	Ғылым философиясы пәні, оның ғылым мен философиямен байланысы. Ғылымның пайда болуы. Ғылымның негізгі мәселелері. Ғылым типологиясы. Ғылыми рационалдылық. Қазіргі заманғы ғылыми білімдегі жаратылыстану ғылымдарының құрылымы. Ақпараттық қоғам және әлеуметтік информатиканың мәселелері. Нақты ғылымдардағы философия мәселелері. Медицина философиясы және медицина ғылым ретінде.		
3.	Жиынтық бағалау түрі		
3.1	Тестілеу +	3.1	Курстық
3.2	Жазбаша	3.2	Эссе
3.3	Ауызша	3.3	Жоба
3.4	ОҚКЕ/ ОҚТЕ немесе тәжірибелік дағдыларды қабылдау	3.8	Басқа (көрсету)
4.	Пәннің мақсаттары		
	Ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырады, аналитикалық талдау қабілеттері мен ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытады		
5.	Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН)		
ОН1	Ғылыми таным процесінде философия ғылымының дамуының негізгі заңдылықтары мен перспективаларын көрсетеді		
ОН2	Ғылыми-зерттеу және практикалық мәселелерді шешу кезінде заманауи ғылыми жетістіктердің зерттеу әлеуетін және олардың даму тенденцияларын бағалай алады		
ОН3	Ғылыми ақпаратты түсіну және сыни тұрғыдан талдауды біледі		
ОН4	Әдістемелік және әдістемелік білімдерін ғылыми зерттеу, педагогикалық, тәрбие жұмыстарын жүргізуде – ғылыми мақалалар, тезистер жазуда, конференцияларда сөз сөйлеуде қолдана біледі		
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері	
	ОН1	ОН1 Медицина саласындағы зерттеулердің пәнаралық сипатын білу мен түсінігін көрсетеді	
	ОН2	ОН 3 Өз біліктілігі шеңберінде медицина саласындағы мәселелерді ғылыми тәсілдер негізінде шеше алады	
	ОН3	ОН 4 Өз біліктілігі шеңберінде медицина саласын дамыту және жаңа тәсілдерді енгізу үшін ғылыми ақпаратты пайдаланады	
	ОН4	ОН6 Ғылым мен тәжірибенің қазіргі заманғы жетістіктеріне сүйене отырып, медицина саласындағы білікті кәсіби қызметті жоспарлайды	
		ОН7 Кәсіби өсумен айналысады, өзін-өзі талдау дағдыларын, жоғары білім деңгейінде білім беру тәжірибесін көрсетеді	

6.

6.1 Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Оңтүстік Қазақстан медициналық академия, «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы. Тоқаев көшесі 27, 3 қабат, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17 аудиториялар. filos.ukma@mail.ru

Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда, "ОҚМА" АҚ сайтындағы CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар арқылы және/немесе электрондық пошта арқылы хабарлауға болады.

6.2	Сағаттарының саны 150	Дәріс	Тәжір. сабақ	Зерт.сабақ	БӨЖ	ОБӨЖ
			30	-	42	18

7.

Оқытушылар туралы мәліметтер

№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі	Ғылыми қызығушылықтары және т. б..	Жетістіктері
1	Корганова Саипжамал Султановна	Доцент м.а., филос.ғ.к.	sevinch_kor@mail.ru	Қазақ философиясы	40 ғылыми мақала, 3 оқулық, дәріс, әдістемелік өңдеулердің авторы

8.

Тақырыптық жоспар

Апт а/ күн	Тақырып атауы	Пәннің қысқаша мазмұны	Пәннің ОН	Сағат саны	Оқыту технологиясының формасы / әдістері	Бағалау әдістері/ формалары
1	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Философия және ғылым методологиясы философиялық білім саласы ретінде.	Ғылым философиясы пәні, оның ғылым мен философиямен байланысы. Ғылымды оқытудың негізгі аспектілерінің ерекшеліктері мен өзара байланысы. Ғылым философиясы мен тарих философиясының өзара байланысының ерекшеліктері. Ғылым философиясының әдіснамалық негіздері.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	3	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау
	ОМӨЖ. МӨЖ тақырыбы және тапсырмалар. Ғылым тарихының пәні. Тарих философиясы- философиялық ғылым ретінде.	Ғылым философиясы пәні, оның ғылым мен философиямен байланысы. Ғылымды оқытудың негізгі аспектілерінің ерекшеліктері мен өзара байланысы.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	2/4	RBL	Теориялық және практикалық өзектілігіне қарай бағалау/ Ғылыми-зерттеу жобасы
2	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Ғылым мәдениет пен өркениетте. Ғылымның пайда болуы. Тарихи	Ғылымның дамуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдері. Эксперименталдық ғылымның пайда болуының әлеуметтік –мәдени алғышарттары: Ғылымның	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	3	Шағын топпен жұмыс	Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

	динамиканың негізгі кезеңдері.	әлеуметтенуі, ғылымның институциялануы. Жаратылыстанудың қалыптасу ерекшеліктері және оның рөлі. Ғылыми ойдың философияға әсері. Техникалық ғылымдардың қалыптасуы. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың қалыптасуы. Ғылым дамуындағы негізгі кезеңдер: классика, бейклассика, жаңа бейклассика				
	ОМӨЖ. МӨЖ тақырыбы және тапсырмалар. Ғылыми білімнің пайда болуы	Ғылымның дамуы мен қалыптасуының негізгі кезеңдері. Ғылым философиясы мен тарих философиясының өзара байланысының ерекшеліктері.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	2/4	RBL	Теориялық және практикалық өзектілігіне қарай бағалау/ реферат
3	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Ғылыми білім құрылымы.	Теоретикалық және эмпирикалық, іргелі және қолданбалы ғылымның ерекшеліктері. Ғылым интеграциясы мен дифференциясының негізгі тенденция-лары. Ғылымның негізгі мәселелері. Ғылым типологиясы. Ғылыми теория ғылымның негізгі компоненті ретінде. Ғылымның философиялық негіздері.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыптық пікірталас	Feedback чек парағы арқылы бағалау / тақырып сұрақтарын талқылау
	ОМӨЖ. МӨЖ тақырыбы және тапсырмалар. Ғылымның пайда болуы мен дамуының алғышарттары.	Ғылыми ойдың философияға әсері. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың қалыптасуы.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	2/4	Ауызша сұрау	Тақырып сұрақтарын талдау/ Аналитикалық шолу-презентация
4	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Ғылыми төңкерістер. Ғылыми рационалдылық.	Ғылыми пәндердің құрылымы. Әлемнің философиялық және ғылыми картинасы. Ғылымның жіктелу мәселесі.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыптық пікірталас	Feedback чек парағы арқылы бағалау / тақырып сұрақтарын талқылау
	ОМӨЖ. МӨЖ тақырыбы және тапсырмалар. 1.Қазіргі жаратылыстанудың	1.Жаратылыстанудың қалыптасу ерекшеліктері және оның рөлі. Ғылымның әлеуметтенуі, ғылымның институциялануы.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	2/4	RBL	Теориялық және практикалық өзектілігіне қарай

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

	тұжырымдамалары. 2.Ғылымының сипаттамалары	2. Ғылым дамуындағы негізгі кезеңдер: классика, бейклассика, жаңа бейклассика.				бағалау/ Эссе, салыстырмалы талдау-презентация
5	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Қазіргі заманғы ғылыми білімдегі жаратылыстану ғылымдарының құрылымы.	Ғылыми қызметтің түрлері: негізгі тенденциялар. Ғылыми қауымдастықтардың тарихи типтері. Ғылыми қызметке кәсіби талаптар. Ғылыми қоғамдастықтағы құндылықтар мен ережелер. Ғылым және билік. Ғылым және экономика. Ғылым және нарықтық қатынастар. Ғылым және әлеуметтік жауапкершілік. Қазіргі қоғамдағы мемлекетте ғылым басты ұстаным ретінде	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыптық пікірталас	Feedback чек парағы арқылы бағалау / тақырып сұрақтарын талқылау
	ОМӨЖ. №1 Аралық бақылау	Тәжірибелік сабақтардың (1-5), МӨЖ (1-4) тақырыптары.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	2/4	Тестілеу, жазбаша түрдегі бақылау жұмысы	Чек парағы
6	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы. Қазіргі заманғы ғылыми білімдегі жаратылыстану ғылымдарының құрылымы.	Жаратылыстану ғылымының классификациясы. Синергетиканың рөлі. Математикалық әдістер және ғылыми білімнің қалыптасуы. Ғарыш және техногендік өркениеттің жаһандық мәселелері. Техникалық білімнің спецификасы және жаратылыстану және қоғамдық ғылымдарға қатынасы. Техникалық ғылым қолданбалы жаратылыстанулық ғылым ретінде.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	3	Case-study	Тақырыптық сұрақтарды талдау/ жағдаяттық тапсырмаларды шешу
	ОМӨЖ. МӨЖ тақырыбы және тапсырмалар. Ғылымның мәдениеттің басқа салаларынан айырмашылығы	Эксперименталдық ғылымның пайда болуының әлеуметтік-мәдени алғы шарттары. Ғылымның жіктелу мәселесі.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	2/4	RBL	Теориялық және практикалық өзектілігіне қарай бағалау/ салыстырмалы талдау-презентация
7	Тәжірибелік сабақ. Тақырыбы.	Ақпараттық қоғам және әлеуметтік информатиканың	ОН1 ОН2	3	Ауызша сұрау	Кері байланыс,

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

	Информатика пәнаралық ғылым ретінде. Компьютерлік төңкерістің эпистемология-лық мазмұны.	мәселелері. Ақпараттық қоғамдағы тұлға мәселесі. Интернет және оның философиялық мәні. Интернет жаңа әлеуметтік технология құралы ретінде. Интернет 21 ғасыр ғылымының ақпараттық-коммуникативтік ортасы және үздіксіз білім берудің жаһандық ортасы ретінде. Ақпараттық қауіпсіздік концепциясы. Информатикадағы шындық мәселесі. Ақпараттық коммуникативтік шындық ұғымы пәнаралық интегративтік концепт ретінде.	ОН3 ОН4			Feedback
	ОМӨЖ. МӨЖ тақырыбы және тапсырмалар. Дін және философия. Ғылым және философия.	Ғылыми білімнің тәртіптік құрылымының әлеуметтік-мәдени келісімділігі: социология, политология, дін, мәдениеттану ғылымы қоғамның басқа сфераларындағы өзіндік салыстырмалы таным көрінісі ретінде.	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	2/4	Пікірталас	чек парағы арқылы бағалау / тақырып сұрақтарын талқылау, эссе
8	Практикалық сабақ. Тақырыбы. Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымның қалыптасу тарихы.	Әлеуметтік-гуманитарлық цикл бойынша ғылыми пәндердің қалыптасуы: эмпирикалық мәліметтер және тарихи-логикалық реконструкция. Ғылыми білімнің тәртіптік құрылымының әлеуметтік-мәдени келісімділігі: социология, политология, экономика, мәдениет-тану ғылымы қоғамның басқа сфераларындағы өзіндік салыстырмалы таным көрінісі ретінде. Ресей және жақын батыс елдеріндегі әлеуметтік ғылым. Ресей контекстіндегі әлеуметтік білімнің қолданылуы және оның парадигмалары. Посткеңестік кеңістікте, Еуропалық және әлемдік ғылыми қоғамдастықтардағы әлеуметтік ғылым. Қазақстандағы әлеуметтік әдіснамалар мен әлеуметтік	ОН1 ОН2 ОН3 ОН4	3	Тақырыптық пікірталас	Чек парағы арқылы бағалау / тақырып сұрақтарын талқылау

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

білімнің жаңа парадигмалары.

ОМӨЖ. МӨЖ
тақырыбы және тапсырмалар.
Философия және медицина.
Медицинаның философиялық мәселелері

Медицина философиясы және медицина ғылым ретінде.
Медицинаның философиялық мәселелері

ОН1
ОН2
ОН3
ОН4

2/4

Пікірталас

чек парағы арқылы бағалау / тақырып сұрақтарын талқылау, эссе

9

Практикалық сабақ. Тақырыбы.
Педагогика мен білім философиясының мәселелері.

Ғылымның дисциплинарлық моделі. Ғылыми білімнің негізгі құрылымдық бірліктері. Ғылыми білімнің эмпирикалық және теоретикалық деңгейлері. Ғылыми теориялардың түрлері: сипаттама және түсіндіру теориялары. Ұғымдарды эмпири-калық талдау және теорияларды нығайту. Ғылыми теория-лардың негізгі функциялары: сипаттау, түсіндіру, болжау. Ғылыми әдістемелердің және ғылым классификациясының көптүрлілігі. Жаратылыстану ғылымының мәселелері. Саясаттану, экономика, педагогика ғылымдарының философиялық мәселелері. (Магистранттарды даярлау бағытына сәйкес)

ОН1
ОН2
ОН3
ОН4

3

Тақырыптық пікірталас

Чек парағы арқылы бағалау / тақырып сұрақтарын талқылау

ОМӨЖ. МӨЖ
тақырыбы және тапсырмалар.
1.Халық медицинасы: оның мәселелері.
2. Эволюция және ғылымның мәдениет жүйесіндегі орны.

1.Медицина философиясы халық медицинасының өзекті мәселесі ретінде.
2. Ғылыми қызметтің түрлері: негізгі тенденциялары.
Эволюция және ғылымның мәдениет жүйесіндегі орны.

ОН1
ОН2
ОН3
ОН4

1/5

RBL

Теориялық және практикалық өзектілігіне қарай бағалау/ салыстырмалы талдау-презентация, ғылыми-зерттеу жоба

10

Практикалық сабақ. Тақырыбы.
Нақты ғылымдардағы философия мәселелері.

Экология, биология және ауылшаруа-шылық ғылымдарындағы философиялық мәселелер.
Медицина философиясы және медицина ғылым ретінде.
Ұғымдарды эмпирикалық

ОН1
ОН2
ОН3
ОН4

3

Шағын топпен жұмыс

Тестілеу, ауызша, жазбаша сұрау

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

интерпретациялау және теорияларды нығайту мәселесі. Ғылыми теория-лардың негізгі функциялары: бейнелеу түсіндіру, болжау. Ғылым теорияларды тексерудің логикалық сызбалары. философиялық мәселелері

ОМӨЖ.
№ 2 Аралық бақылау

Тәжірибелік сабақтардың (6-10), МӨЖ (6-9) тақырыптары.

ОН1
ОН2
ОН3
ОН4

1/5

Тестілеу,
жазбаша
түрде
бақылау
жұмысы

Чек лист

9. Оқыту және сабақ беру әдістері		
9.1	Дәріс	Жоспарда қарастырылмаған
9.2	Тәжірибелік сабақ	Шағын топтық жұмыс, пікірталас, Case-study: ауызша, жазбаша сұрау, тестілеу, тақырып сұрақтарын талқылау, жағдаяттық тапсырмаларды шешу. Қашықтықтан оқыту жағдайында: - on-line режимдегі топтық жұмыста сабақтың тақырыбы бойынша талқылауға белсенді қатысады, кейстер шешеді, оқытушы берген қосымша сұрақтарға ақпараттық платформада (Zoom, Webex және басқа) ауызша жауап береді; - of-line режимде жеке жұмыс жасауда ААЖ Platonus «Тапсырма» модулінде берілген тәжірибелік тапсырмаларды жазбаша түрде орындайды және «Тапсырма» модуль чатында сабақтың тақырыбы бойынша талқылауға қатысады.
9.3	БМӨЖ/ОМӨЖ	Ауызша сұрау, RBL, пікірталас: тапсырмаларды орындау, эссе, реферат, салыстырмалы талдау- презентация, ғылыми-зерттеу жоба қорғау. Қашықтықтан оқыту жағдайында МӨЖ тапсырмалары «Тапсырма» модулінде кестеге сәйкес көрсетілген уақытта МӨЖ тақырыбы бойынша орындалады. Қосымша оқытушы әр түрлі ақпараттық платформалар мен әлеуметтік желілерді (топтық қоңырау Whatsapp, Zoom, Webex, Skype және т.б.) қолдана отырып, МӨЖ-ді он-лайн талқылауды қолдана алады.
9.4	Аралық бақылау	Тестілеу, жазбаша түрде бақылау жұмысы (оқытушының таңдауымен). Қашықтықтан оқыту жағдайында: Quizzis, Kahhott платформасында онлайн тестілеу (40-50 тест тапсырмалары) -ICE Platonus-қа жүктей отырып, билеттер жүйесінде жазбаша жауап, әр билет 2 сұрақтан тұрады; - on-line режимінде ауызша сұрау.

10 Бағалау критерийлері					
10.1 Пәннің оқу нәтижелерін бағалау критерийлері					
ОН	Оқыту	Қанағаттанарлы	Қанағаттанарлы	Жақсы	Өте жақсы

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

№	нәтижелері	қсыз	қ		
ОН 1	Ғылыми таным процесінде философия ғылымының дамуының негізгі заңдылықтары мен перспективаларын көрсетеді	1) Философия тарихының негізгі ұғымдары мен категорияларын түсіндірмейді; 2) батыс және қазақ ғылымының даму тарихын білмейді	1) Философия тарихының негізгі ұғымдары мен категорияларын түсіндіреді; 2) Батыс және қазақ ғылымының даму тарихын нашар сипаттайды	1) Философия тарихының негізгі ұғымдары мен категорияларын жүйелейді; 2) Батыс және қазақ ғылымының даму тарихын жіктейді	1) Философия тарихының негізгі заңдылықтарын талдау үшін концептуалды-категориялық аппаратты пайдаланады; 2) Батыс және қазақ ғылымының даму тарихын салыстырады және талдайды.
ОН 2	Ғылыми-зерттеу және практикалық мәселелерді шешу кезінде заманауи ғылыми жетістіктердің зерттеу әлеуетін және олардың даму тенденцияларын бағалай алады	1) Негізгі ғылыми-зерттеу мәселелерін табуды білмейді; 2) Ғылыми-зерттеу және практикалық мәселелерді шешу кезінде ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс білімнің әдістерін білмейді	1) Негізгі ғылыми-зерттеу мәселелерін нашар анықтайды; 2) Ғылыми-зерттеу және практикалық мәселелерді шешу кезінде ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс білімнің кейбір әдістерін меңгерген	1) Негізгі ғылыми-зерттеу мәселелерін және оларды шешу жолдарын анықтай алады; 2) Ғылыми-зерттеу және практикалық мәселелерді шешу кезінде ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс білімдердің әдістерін тәжірибеде қолдана алады	1) Негізгі ғылыми-зерттеу мәселелерін және оларды шешу жолдарын анықтайды және бағалайды; 2) Ғылыми-зерттеу және практикалық міндеттерді шешу кезінде қазіргі заманғы ғылыми жетістіктердің зерттеу әлеуетін және олардың даму тенденцияларын пайдаланады және сыни тұрғыдан бағалайды
ОН 3	Ғылыми ақпаратты түсіну және сыни тұрғыдан талдауды біледі	1) Заманауи ақпараттық қоғамның және жаһандық қатерлердің мәнін түсіндіре алмайды; 2) Логикалық ойлау қабілеттері дамымаған	1) Заманауи ақпараттық қоғамның туралы ғылыми мәліметтерден хабардар; 2) Сындарлы ойлау стратегияларын құруға қабілетсіз	1) Заманауи ақпараттық қоғамның туралы ғылыми мәліметтерді меңгерген; 2) Сындарлы ойлау стратегияларын құра алады	1) Заманауи ақпараттық қоғамның туралы ғылыми мәліметтерді меңгерген және сыни тұрғыда талдау жасай алады; 2) Сындарлы ойлау стратегияларын құрудың креативті әдістерін

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

					менгереді
ОН 4	Әдістемелік және әдістемелік білімдерін ғылыми зерттеу, педагогикалық, тәрбие жұмыстарын жүргізуде ғылыми мақалалар, тезистер жазуда, конференцияларда сөз сөйлеуде қолдана біледі	1) Қажетті ғылыми зерттеу әдістерін таңдауды білмейді; 2) Ғылыми мақалалар, тезистер жазу, конференцияларда сөз сөйлеу дағдылары жоқ	1) Ғылыми зерттеудің кейбір әдістерін атап өтеді; 2) Ғылыми мақалалар, тезистер жазу, конференцияларда сөз сөйлеу дағдыларын жартылай меңгерген	1) Қажетті ғылыми зерттеу әдістерін таңдап, қолдана алады, барларын өзгерте алады; 2) Ғылыми мақалалар, тезистер жазу, конференцияларда сөз сөйлеу дағдыларын ие	1) Ғылыми зерттеудің қажетті әдістерін салыстырады және бағалайды, барларын түрлендіреді және белгілі бір зерттеудің мақсаттарына негізделген жаңа әдістерді әзірлейді; 2) Ғылыми мақалалар, тезистер жазу, конференцияларда сөз сөйлеу, жүйелік көру және жүйелі ойлау дағдыларын меңгереді

10.2 Бағалау критерийлері

Тәжірибелік сабаққа арналған чек парағы

	Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
1	Ауызша және жазбаша жауап	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А - (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Жауап беру барысында білім алушы сұрақтың негізгі мағынасын түсінеді, тақырып бойынша жақсы бағдар береді, оларды сыни бағалай алады. Білім алушы нақты, толық жауап береді, дәлелсіздіктерді, қателіктер жібермейді. Тақырыпқа дайындалу барысында ғылыми деректерді қолданады.
		Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%); С+ (2,33; 70-74%); бағаларына сәйкес келеді	Жауап беру барысында білім алушы қағидатты емес дәлелсіздіктерді жібергенде немесе жауап беру барысында қателер жібермей, қағидатты дәлелсіздіктер, қателер жіберіп оларды уақытылы өзідігімен жөндей алады.
		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%); С- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 55-59%); D-(1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы тақырыпқа дайындалу барысында тек негізгі әдебиеттермен шектеледі. Тақырып бойынша мәліметтерді, деректерді толық жүйелей алмайды. Қорытындылау барысында өз ойын толық жеткізе алмайды.
		Қанағаттанарлықсыз	Жауап беру барысында білім алушы

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

		FX (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%) бағаларына сәйкес келеді	қателер жібереді. Тәжірибелік дағдыларды орындай алмайды. Тапсырмамен жұмыс жасауда белсенділік танытпайды. Оқытушының қойылған сұрақтарына спецификалық терминологияны қолданбайды.
2.	Жағдаяттық тапсырмаларды шешу	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%);	Жұмысқа белсенді қатысты, ерекше ойлау қабілетін, материал бойынша терең білімін көрсетті. Талқылау барысында басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды.
		Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%);	Жұмысқа белсенді қатысты, материал бойынша білімін көрсетті, студенттің өзі түзете алған принципіальды емес немесе принципіальды қателіктер жіберді.
		Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%);	Топта жұмыс істеуде белсенді емес, принципіальды емес қателіктер жіберді, материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға кездесті.
		Қанағаттанарлықсыз FX(25-49%); F (0-24%);	Топта жұмысқа қатыспады, оқытушының сұрақтарына жауап беруде принципіальды қателіктер жіберді, жауап беруде ғылыми терминологияны пайдаланбады.
3	Тест тапсырмалары жазбаша түрде	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	20 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 17-20 30 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 26-30 40 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 34-40 50 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 43-50
		Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%); бағаларына сәйкес келеді	20 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 13-16 30 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 20-25 40 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 26-33 50 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 33-42
		Қанағаттанарлық C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 55-59%); D-(1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	20 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 8-12 30 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 12-19 40 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 16-25 50 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 20-32

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

4.	Чек парағы	№ п/п	Бағалау критерийлері	Деңгей - баға				
				Кере мет	Қолайлы	Түзетуді қажет етеді	Қолайсыз	
			Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%) бағаларына сәйкес келеді	20 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 0-7 30 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 0-11 40 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 0-15 50 тест тапсырманың дұрыс жауаптары: 0-19				
		1	Тақырыптың практикалық және теориялық маңыздылығын ашады.	10	7,5	5	0	
		2	Пәнаралық және пәнішілік байланысты пайдаланады.	10	7,5	5	0	
		2	Аудиториямен пікірталас жүргізе алады.	10	7,5	5	0	
		3	Оқытушының тапсырмаларын орындайды.	10	7,5	5	0	
		4	Сабақ кезінде белсенділік пен қызығушылық танытады.	10	7,5	5	0	
		6	Баяндамалардың жауаптарын талдайды.	10	7,5	5	0	
		7	Визуализация құралдарын қолданады және басқа да көрнекі құралдарды қолданады.	10	7,5	5	0	
		8	Алға қойылған міндеттерді орындау үшін топты жұмылдырады, көшбасшылық қасиеттер көрсетеді.	10	7,5	5	0	
		9	Қорытындыларды сауатты тұжырымдайды.	10	7,5	5	0	
		10	Топпен және оқытушымен қарым-қатынаста коммуникативтік дағдыларды көрсетеді.	10	7,5	5	0	
БӨЖ-ге арналған чек парағы								
	Бақылау түрі		Бағалау	Бағалау критерийлері				
1.	Презентация		Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А - (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы презентацияны белгіленген мерзімде орындайды. Презентацияны 20 слайдтан тұрады және ақпараттық, ғылыми деректерге сүйенеді. Слайдтар мазмұнды және				

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

			қысқа. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша терең білімін көрсетеді. Талқылау кезінде және сұрақтарға жауап беруде нақты, дәлелді түрде жауап береді
		Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%); С+ (2,33; 70-74%); бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы презентацияны белгіленген мерзімде орындайды. Презентацияны 20 слайдтан тұрады және ақпараттық, ғылыми деректерге сүйенеді. Слайдтар мазмұнды және қысқа. Қорғау кезінде автор тақырып бойынша терең білімін көрсетеді. Сұрақтарға жауап беру кезінде принципіалды емес қателер жібереді, оны өзі түзетеді.
		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%); С- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 55-59%); D-(1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы презентацияны белгіленген мерзімде орындайды. Презентацияны 20 слайдтан тұрады және ақпараттық, ғылыми деректерге сүйенеді. Слайдтар қысқа және маңыздылығы толық ашылмаған. Сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктер жібереді және талдай алмайды.
		Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%) бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы презентацияны белгіленген мерзімде орындамайды. Презентацияны 20 слайдтан тұрады және ақпараттық, ғылыми деректерге сүйенбейді. Слайдтар тақырыптың мазмұнын толық ашпайды. Білім алушы қорғау кезінде сұрақтарға жауап беруде өрескел қателіктер жібереді. Тақырып толық ашылмады
	Эссе	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А - (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы эссе тақырыбының өзектілігін түсініп, тақырыпқа қатысты сыни ой білдіреді, оны нақты аргументтермен дәлелдей біледі. Негізгі идеяға сәйкес ойдың логикалық реттілігін сақтайды. Эссе бойынша өз талдауының, сараптауының түйінін қорытындылап, шешім ұсынады.
		Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%); С+ (2,33; 70-74%); бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы эссе тақырыбының өзектілігін түсініп, тақырыпқа қатысты сыни ой білдіреді, оны нақты аргументтермен дәлелдей біледі. Эссе бойынша өз талдауының, сараптауының түйінін нақты қорытындылай алмайды.
		Қанағаттанарлық	Білім алушы эссе тақырыбын түсініп,

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

		С (2,0; 65-69%); С- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 55-59%); D-(1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	тақырыпқа қатысты сыни ой білдіреді, бірақ оны нақты аргументтермен дәлелдей алмайды.. Эссе бойынша өз талдауының, сараптауының түйінін нақты қорытындылай алмайды.
		Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%) бағаларына сәйкес келеді	Білім алушы эссе тақырыбын түсініп, тақырыпқа қатысты ойын толық білдіре алмайды. Эссе бойынша өз талдауының, сараптауының түйінін нақты қорытындылай алмайды.
	Реферат	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A - (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Реферат тиянақты орындалып және белгіленген мерзімде тапсырылды, өздігінен 10 беттен кем емес мәтін басты, 7 әдебиеттен кем емес. Реферат тақырыбына сәйкес схемалар, кестелер және суреттер келтірілген. Рефератты қорғау кезінде мәтінді оқымайды, әңгімелейді. Барлық қойылған сұрақтарға сенімді және қатесіз жауап береді.
		Жақсы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%); бағаларына сәйкес келеді	Реферат тиянақты орындалып және белгіленген мерзімде тапсырылды. Реферат тақырыбына сәйкес схемалар, кестелер және суреттер келтірілген. Рефератты қорғау кезінде мәтінді оқымайды, әңгімелейді. Сұрақтарға жауап беру кезінде принципалды емес қателер жібереді.
		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%); С- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 55-59%); D-(1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	Реферат тиянақты орындалып және белгіленген мерзімде тапсырылды. Реферат тақырыбына сәйкес схемалар, кестелер және суреттер келтірілген. Қорғау кезінде ол қойылған сұрақтарға нашар бағдарланған. Өз тұжырымдарын жеткілікті түрде дәлелдеген жоқ.
		Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%) бағаларына сәйкес келеді	Реферат уақытында орындалмады. Мәселе аз қамтылған, мәселені талдау және өзіндік дәлелдеу жоқ, сұрақтарға жауап бермейді.
	Жоба дайындау	Өте жақсы A (4,0; 95-100%); A - (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Жоба мерзімінде орындалды, құрылым талаптарға толық сәйкес келеді. Жоба зерттелетін мәселені толығымен көрсетеді. Білім алушы проблемаға талдау жүргізді, өз тұжырымдарын дәлелдеді және осы мәселеге өзіндік талдау жасады.

			Иллюстрация көрсетіледі. Мәселені қарастыру өте терең мазмұндық деңгейде құрылады. Жұмыс нақты құрылымға ие. Әдебиеттер тізімі, сілтемелер мен мазмұны дұрыс жасалған. Қорғау кезінде ол барлық сұрақтарға дұрыс жауап береді.
		Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%); С+ (2,33; 70-74%); бағаларына сәйкес келеді	Жоба мерзімінде орындалды, құрылым талаптарға толық сәйкес келеді. Иллюстрация көрсетіледі. Жұмыста кейбір маңызды дәлелдер жоқ. Қорғау кезінде, сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктер жібереді.
		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%); С- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 55-59%); D-(1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	Жоба мерзімінде орындалды, құрылым талаптарға толық сәйкес келеді. Иллюстрация көрсетіледі. Қорғау кезінде ол қойылған сұрақтарға толық жауап бермейді. Өз тұжырымдарын жеткілікті түрде дәлелдеген жоқ.
		Қанағаттанарлықсыз FХ (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%) бағаларына сәйкес келеді	Жоба мерзімінде орындалмайды. Ғылыми-зерттеу жобасын толық аша алмаған және алдына қойған мақсатты көрсетпейді. Жобада мәселені талдау және өзіндік дәлелдеу жоқ, сұрақтарға жауап бермейді. Жобаның өзектілігі ішінара негізделген. Жұмыста сілтемелер жоқ.
5	Контент - талдау	Өте жақсы А (4,0; 95-100%); А - (3,67; 90-94%) бағаларына сәйкес келеді	Контент - талдау мерзімінде орындалды, құрылым талаптарға толық сәйкес келеді. Контент - талдау зерттелетін мәселені толығымен көрсетеді. Білім алушы проблемаға талдау жүргізді, өз тұжырымдарын дәлелдеді және осы мәселеге өзіндік талдау жасады. Иллюстрация көрсетіледі. Қорғау кезінде ол барлық сұрақтарға дұрыс жауап береді.
		Жақсы В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%); С+ (2,33; 70-74%); бағаларына сәйкес келеді	Контент - талдау мерзімінде орындалды, құрылым талаптарға толық сәйкес келеді. Иллюстрация көрсетіледі. Жұмыста кейбір маңызды дәлелдер жоқ. Қорғау кезінде, сұрақтарға жауап беру кезінде қателіктер жібереді.
		Қанағаттанарлық С (2,0; 65-69%);	Контент - талдау мерзімінде орындалды, құрылым талаптарға

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

		С- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 55-59%); D-(1,0; 50-54%) бағаларына сәйкес келеді	толық сәйкес келеді. Иллюстрация көрсетіледі. Қорғау кезінде ол қойылған сұрақтарға толық жауап бермейді. Өз тұжырымдарын жеткілікті түрде дәлелдеген жоқ.
		Қанағаттанарлықсыз FX (0,5; 25-49%); F (0; 0-24%) бағаларына сәйкес келеді	Контент - талдау мерзімінде орындалмайды. Мәселені талдау және өзіндік дәлелдеу жоқ, сұрақтарға жауап бермейді. Талдау өзектілігі ішінара негізделген. Сұрақтарға жауап бермейді.

Аралық аттестаттау

1	Тест тапсырмаларын орындау	Өте жақсы	90-100% дұрыс жауаптар
		Жақсы	70-89% дұрыс жауаптар
		Қанағаттанарлық	50-69% дұрыс жауаптар
		Қанағаттанарлықсыз	50%-дан аз дұрыс жауаптар

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі

Әріптік жүйемен бағалау	Сандық эквивалент баллдық	Пайыздық өлшем	Дәстүрлі жүйемен бағалау
A	4,0	95-100 %	Өтежақсы
A-	3,67	90-94 %	
B+	3,33	85-89 %	Жақсы
B	3,0	80-84 %	
B-	2,67	75-79 %	
C+	2,33	70-74 %	
C	2,0	65-69 %	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64 %	
D+	1,33	55-59 %	
D	1,0	50-54 %	
FX	0,5	25-49 %	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24%	

11. Оқу ресурстары

Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ оны меншектелмейді: мәліметтер базасы, анимациялық симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электронды анықтамалық материалдар (мысалы: видео, аудио, дайджест)	<ol style="list-style-type: none"> 1. Электронды кітапхана http://aknurpress.kz/login промо код SDN-28 2. ОҚМА Репозиторийі http://lib.ukma.kz/repository/ 3. Республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана http://rmebrk.kz/ 4. «Aknurpress» сандық кітапхана https://aknurpress.kz/login 5. «Зан» нормативтік-құқықтық актілер базасы https://zan.kz/ru 6. «Параграф Медицина» ақпараттық жүйесі https://online.zakon.kz/Medicine/
Электрондық оқулықтар	<ol style="list-style-type: none"> 1. Ғылым тарихы және философиясы. Адаева Г.А. , 2017/https://aknurpress.kz/login 2. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.

	<p>Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017//https://aknurpress.kz/login</p> <p>3. Ғылымның тарихы мен философиясы : Тест сауалнамасы. / Құраст. М. Мейірбеков. - Жетісай : "Сырдария" университеті, 2013. - 30 б. http://rmebrk.kz/s</p> <p>4. Бейсағулова, Г.Е. Ғылымның даму тарихы мен бағыттары. // Жаңа әлемдегі жастар және ғылым: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары, 15-16 наурыз. 1-бөлім. - Талдықорған, 2013. - 142-145 б. http://rmebrk.kz/s</p> <p>5. Абдрасилова, Гауһар. Философия: тарихи-теориялық дискурс [Мәтін] : оқу құралы / Г. З. Абдрасилова. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018 . . - ISBN 978-601-04-3427-1.1-т. - 327 б. http://elib.kaznu.kz/</p> <p>6. Абдрасилова, Гауһар. Философия: тарихи-теориялық дискурс [Мәтін] : оқу құралы / Г.З.Абдрасилова. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2018 . . - ISBN 978-601-04-3428-8.2-т. - 357 б. http://elib.kaznu.kz/</p> <p>7. Хасанов, Марат Шамуратович Ғылым тарихы мен философиясы [Мәтін] : оқу құралы / М. Ш. Хасанов; Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2015. - 141, [1] б. http://elib.kaznu.kz/</p> <p>8. Кішібеков, Досмұхамед. Ғылым тарихы мен философиясы [Мәтін] : оқу құралы / Д. Досмұхамед. Кішібеков, Т. Д. Кішібеков ; сый Г. М. Мұтанов. - Алматы : ҚазҰТЗУ, 2015. - 329, [1] б. http://elib.kaznu.kz/</p> <p>9. Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы және философиясы. Оқу құралы / Ә. Нысанбаев –Алматы: Эверо, 2020. - 164 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/726/</p> <p>10. Ермеков Қ. Ғылымның тарихы мен философиясы. – Алматы; «Эверо» баспасы, 2020 - 464 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/726/</p> <p>11. Алтаев Ж., Фролов А. Исламская философия. Учебник для высших учебных заведений. Алматы. «Эверо». 2020. 596 стр. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/81/</p> <p>12. Иманкүл Н. Н. Бөрібай Т. Қайыржанұлы. Іліми философия. Алматы: «Эверо» баспасы, 2020 ж – 364 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/581/</p>
Арнайы бағдарламалар	IBM SPSS Statistics http:// www.ibm/ com.ru/ products/spss- statistics
Журналдар (электронды журналдар)	<p>http://aknurpress.kz/login промо код SDN-28</p> <p>Скопус базасы https://www.scopus.com/home.uri</p> <p>Springer базасы https://link.springer.com/</p>
Әдебиет	<p>Қазақ тілінде:</p> <p>Негізгі:</p> <p>1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с</p> <p>2. Нысанбаев, Ә. Ғылым тарихы және философиясы: оқу құралы. – Алматы, 2013. - 164</p> <p>3. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы : оқулық / Ж. А. Алтаев, Т. Х. Ғабитов. - толықтырып өңделген. - Алматы : New book, 2022. - 448 бет. с. (Шифр 72.3я73/А 46-655239)</p> <p>4. Қасабек, А. Қазақ философиясы [Мәтін] : оқу құралы /А.</p>

Қасабек. - Алматы : Эверо, 2015. - 216 б. С
5.Рахимова Г. Д.Ғылым дамуының философиялық мәселелері : монография / Г. Д. Рахимова, Б. Л. Таирова. - Алматы : New book, 2022. - 156 бет. с. (Шифр 87.3я73/Р 24-488955)

Қосымша:

1.Репина, Л. П. Тарихи білім тарихы [Мәтін] = История исторического знания : оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова ; бас. ред. М. Ж. Сеңгірбай ; Қаз. тіл ауд. Е.Ұ. Ұстағалиев. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 236 б. с.3.

2.Хесс, Р. Философияның таңдаулы 25 кітабы [Мәтін] : монография = 25 Livres Cles de la Philosophie : монография / Р. Хесс ; ауд.Ә.Құранбек,А.А.Рыскиева. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 360 б. с. : [Рухани жаңғыру].

12. Пән саясаты

Магистранттарға қойылатын талаптар:


1. Магистранттар күн сайын дәрістік, практикалық сабақтар мен ОМӨЖ сабақтарының кестесіне сәйкес тапсырмаларды орындауы тиіс.
2. Алдағы дәрістің тақырыбы туралы түсінікке ие болу, дәрісте кері байланысқа дайын болу.
3. Магистранттар пікірталастарға қатысып, жеке және топтық тапсырмаларды орындауы, басқа ресурстарды зерттеуі керек.
4. Магистранттар тапсырмалардың соңғы күндерін бақылауы керек.
5. Сабақтың барлық түрлерін себепсіз жіберіп алмаңыз.
6. МӨЖ бағдарламада көрсетілген кесте бойынша орындау.
7. Білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлері плагиат мәніне тексеруден өтеді.
- 8.Пән бойынша емтиханға жіберудің қорытынды рейтингі 50 балдан кем болмауы тиіс (60%)
9. Әрбір дәрістік сабақты өткізіп алған кезде аралық бақылау бағасы 1 балға төмендетіледі, әр ОМӨЖ сабағына қатыспаған жағдайда МӨЖ бағасы 2 балға төмендетіледі
10. Қорытынды рейтингті есептеу кезінде өткізіп алған ОМӨЖ үшін айыппұл балдары аралық бақылау балдарынан шегеріледі.
11. Қашықтықтан оқыту жағдайында негізгі ақпараттық платформа Platonus автоматтандырылған ақпараттық жүйесі (бұдан әрі-Platonus ААЖ) болып табылады. Оқу процесінің негізгі мониторингі осы жүйеде жүзеге асырылады. Білім алушылардың тапсырмаларды орындауы тек Платонус ААЖ - да жүзеге асырылады. Сонымен қатар, әртүрлі Zoom, Webex, WhatsApp және т. б. ақпараттық платформаларын қолдана отырып, онлайн сабақтар өткізуге болады.
12. Қашықтықтан оқыту форматында онлайн-конференция өткізу кезінде білім алушылардың қатысуы әрбір білім алушының аккаунтынан бейнетрансляция негізінде ескеріледі. Білім алушымен үнемі көзбен шолып байланыс болмаған жағдайда оқытушы сабақты дәлелсіз себеппен өткізіп алуды тіркейді.
13. Қашықтықтан оқыту форматында онлайн-конференция өткізу кезінде білім алушы сыртқы келбетіне қойылатын талаптарды сақтауға және сабақ барысын бұзбауға міндетті.
14. Магистранттар күн сайын практикалық сабақтар мен ОМӨЖ кестесіне сәйкес тапсырмаларды орындауы, тапсырмаларды тапсырудың соңғы күндерін (ҚБТ жағдайында) қадағалауы тиіс.

13. Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат

13.1 П. 4. Студенттің ар-намыс кодексі

13.2 Пән бойынша баға қою саясаты:

1. Сабақта білімді бақылаудың бірнеше формалары қолданылады. Журналға орташа баға қойылады.
2. Бақылау түрлерінің бірі бойынша (ағымдағы бақылау, №1 және/немесе №2 аралық бақылау) өту балын (50%) жинамаған студент пән бойынша емтиханға жіберілмейді
3. Қорытынды рейтинг пән бойынша емтиханға жіберу 50 балдан (60%) кем болмауы тиіс, ол ағымдағы бақылаудың орташа бағасы (40%) + аралық бақылаудың орташа бағасы (20%) негізінде автоматты түрде есептеледі.
4. Аралық аттестаттау- тестілеу.
5. ҚБЖ жағдайында білім алушыларды аралық аттестаттау онлайн режимде өткізіледі: онлайн режимде практикалық дағдыларды қабылдау Zoom, Webex платформасында жүргізіледі; тестілеу үшін онлайн прокторинг технологиялары - тұлғаны верификациялау және онлайн-емтихандардан өту нәтижелерін растау жүйесі қолданылады.

14.	Бекіту және қайта қарау		
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасымен бекітілген күні	Хаттама №	Кафедра меңгерушісі АЖТ	Қолы
09.06.2023	№ 14	Аширов Ш.А.	

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)

044 -39/11-
20 бетің 19 беті



Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы

044 -39/11-
20 бетің 20 беті

Ғылым тарихы және философия пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы (Силлабус)